

«Келісемін»
«Дарын» РҒПО
директоры

«Бекітемін»
«Bilim-órkenietі»
директоры

_____ А. Боранбай

_____ А. Сатылғанов

**АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ 175 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ
«АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ» АТТЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ӨТКІЗІЛУ
ЕРЕЖЕСІ!**

Жалпы ережелер

1. «Абай әлеміне саяхат» атты республикалық байқауын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығымен, «Bilim-órkenietі» ұлттық-инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы бірігіп ұйымдастырып өткізіледі.

2. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «**Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан**» атты мақаласында «Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан, азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн» деп мемлекет басшысы мақаласында жастарды Абай шығармаларын оқуға шақырады. Байқауды ұйымдастыру Ұлы ақын Абайдың шығармаларын жас ұрпаққа кеңінен насихаттау арқылы, білім және ғылымға деген жастардың қызығушылығын арттырып отанын сүйетін, білімді азаматтарды қалыптастыруға ықпал етуге арналған.

3. Республикалық байқауды 2020 жылдың 12-13 қараша күндері Нұр-Сұлтан қаласында өткізіледі. Байқауға қатысу үшін өтініштер, жұмыстар төменде берілген үлгі бойынша 2020 жылдың 16 қазан дейін қабылданады.

Байқаудың мақсаттары мен міндеттері:

4. **Байқаудың мақсаты:** Абай Құнанбайұлының шығармаларын педагогтар мен білім алушылардың арасында кеңінен насихаттау. Жастардың бойындағы Қазақ еліне деген құрметті күшейту, патриоттық сезімді арттыру болып табылады.

Байқауға қатысушылары

5. Байқауға білім беру ұйымдарының, республикалық маңызы бар мектептердің, халықаралық мектептердің педагогикалық қызметкерлері және оқушылар, ЖОО-ның, ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары, студент, магистрант, докторанттар, PhD докторлары, және колледж оқытушылары қатыса алады.

6. Республикалық байқауға үміткерлер ұсынылады:

– мектептің педагогикалық ұжымымен;

– облыстық білім басқармасымен, «Дарын» аймақтық ғылыми-практикалық орталығымен, облыстық оқу-әдістемелік орталықтарымен, «НЗМ» ДББҰ басшылығымен.

Байқау жеңімпаздарын анықтаудың критерийлері:

7. Байқау жеңімпаздарын анықтау үшін қазылар алқасы құрылады. Байқаудың қазылар алқасын байқауды ұйымдастырушылар реттейді. Қазылар алқасының құрамы ғылым докторларынан, қоғамға танымал тұлғалардан, педагогика саласының ғалымдарынан, педагог ұстаздардан құралады. Қазылар алқасы келесі критерийлер бойынша бағалайды:

- Жұмыс тақырыбының сәйкестігі, мағыналық тұтастық, ой байланысы, мазмұндаудың жүйелілігі;
- Мәселені берілген тақырып аясында нақты дәлелдемелермен шешу, өзіндік тұжырымдардың берілуі;
- Ұсынылған тезистердің сауатты дәлелдемелермен дәйектелуі, түрлі көзқарастардың берілуі, мәселеге қатысты дәйексөз, сандық деректер, ғылыми мәліметтерді қолдану мен дереккөздерді рәсімдеу талаптарының сақталуы;
- Ұғымдар мен құбылыстарды талдау кезінде салыстыру мен жинақтау тәсілдерін қолдана алу қабілеті, ойлау ерекшелігі, күтпеген пікір немесе сауал туындауына ықпал ету, пікірдің шынайылығы;
- Мәтінде қазақ тілінің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық және стилистикалық нормалары, орфография мен пунктуация ережелерінің сақталуы.

8. Байқаудың өткізу формасы және мазмұны БАЙҚАУДЫҢ ШАРТТАРЫ:

Педагогтар төмендегі тақырыптардың бірін таңдап эссе немесе мақала жазуы қажет сондай-ақ ашық сабақ жоспарлары, сабақтан тыс іс-шаралар жоспарлары материалдары да қабылданады:

1. «Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы оқу-білім тақырыбы».
2. «Абай Құнанбайұлының қарасөздері».
3. «Абай Құнанбайұлы өлеңдерінің тәрбиелік мәні».
4. «Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Құнанбайдың бейнесі».
5. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан».

Білім алушылар, яғни оқушылар:

1. «Абай Құнанбайұлы өлеңдерінің ерекшеліктері».
2. «Абай мұрасы-Қазақтың қасиетті қазынасы».
3. «Абай Құнанбайұлы поэмалары туралы шығарма»;
4. «Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай білім алушылардың арнаулары».
5. Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романындағы «Абай бейнесі» атты тақырыптардың бірін таңдап эссе немесе арнау-өлең жазу қажет. Байқау қатысушылары өзі және жетекшісі жайында жазылған мәліметтерді төмендегі кесте үлгісі бойынша толтырып, байқау материалдарымен бірге, 2020 жылдың 16-

шы қазанына дейін **abai_olimpiada@mail.ru** электрондық почтасына жолдауы тиіс.

9. Эссеге, мақалаға қойылатын нақты талаптар:

Эссе көлемі 2 беттен аспауы қажет, сондай-ақ эссе жазу барысында қойылатын талаптар: тақырыпты түсінуі, эссенің жазылу құрылымдарының сақталынуы, мәтін логикасы мен ой толғау сауаттылығы, жұмыстың орындалу сауаттылығы, сыни ойлау, ой тұжырымдау.

Мақала көлемі 5 беттен артық болмауы қажет. Бет форматы – А 4; шрифт Times New Roman; қаріп өлшемі – 14; жоларалық интервал – 1; теңестіру ені бойымен; азат жол – 1,25; мәтіндік редактор өлшемі: жиегі – 2 см; **МАҚАЛАНЫҢ АТАУЫ** (бас әріптермен, қою әріптермен, теңестіру жолының ортасында жазылады); жұмыстың тақырыбынан кейін автордың аты-жөні, ғылыми жетекшінің аты-жөні, жұмыс орнының толық аты-жөні (оң жағына туралау, шрифт көлемі – 12, курсив) көрсетіледі. Мақалада міндетті түрде пайдаланған әдебиеттер тізімі болуы қажет.

Жіберілген материалдар яғни эссе, мақала антиплагиат бағдарламасы арқылы тексеріледі, интернет желісінен немес басқа автордың жұмысы алынған жағдайда байқауға қатысушының материалдары қабылданбайды.

10. Байқаудың өткізілу тілдері: қазақ, орыс және ағылшын тілдері болып табылады.

11. Байқау қорытындысы конференция түрінде (Zoom) бағдарламасы бойынша онлайн өткізіледі, қорытындысы конференцияның бағдарламасы қатысушыларға қараша айының басында электронды почталарына жолданады. Конференция барысында компьютерлік презентацияларды қолдануға болады.

Сөз сөйлеу регламенті – 5-7 минут.

Бақауды ұйымдастыру комитеті

12. Байқауды ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ байқауға ұсынылған материалдардың бағалау критерийлерін әзірлеу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

13. Ұйымдастыру комитеті байқаудың өткізілу тәртібін, формасын, орнын және күнін анықтайды, қатысушылар тізімін бекітеді.

14. Ұйымдастыру комитетіне «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, «Bilim-órkenieti» ұлттық-инновациялық ғылыми зерттеу орталығының өкілдері кіреді.

15. Республикалық байқауды өтетін уақыты және марапаттау рәсімі

Байқауға қатысу тегін. Байқаудың барлық материалдары (Эссе, мақала, арнау) жинақ кітапқа енгізіледі. Және үздік жұмыс авторлары ақшалай сыйақымен марапатталады. Үздік жұмыстарды Bilim-ork.kz сайты, әлеуметтік желі парақшалар арқылы қоғамға кеңінен насихатталады.

Байқау жеңімпаздарының дипломдары, қатысушылардың сертификаттары қорытынды конференция өткеннен кейін екі апта көлемінде қатысушылардың электронды почталарына жолданады.

16. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, «Bilim-órkenieti» ұлттық-инновациялық

ғылыми зерттеу орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Үздік мақалалар жинақ кітапқа енгізіледі.

17. Байқауға қатысып кітап-жинаққа енгізілген материалдарды авторларына жинақты казпочта арқылы жергілікті мекен-жайына жолданады.

Ұйымдастыру комитетіне құжаттарды ұсыну тәртібі

18. Байқауға қатысу үшін өтініштер, эсселер, мақалалары берілген үлгі бойынша ағымдағы жылдың қазан айының 16-на дейін **Abai_olimpiada@mail.ru** электронды поштасына жіберілуі қажет.

Қосымша ақпаратты төменде көрсетілген телефондар арқылы ала аласыздар: 8771-162-14-95, 8707-142-74-40, 8707-477-50-94

Сұраныс кестесі жұмыспен бірге жіберілуі тиіс!

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ 175 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ «АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫНЫҢ СҰРАНЫСЫ
Автордың (-лардың) тегі, аты, әкесінің аты (толық)
Эссе немесе мақала, арнау атауы
Білім беру мекемесінің атауы:
Облыс, аудан, қала, село (ауыл) атауы:
3-4 фото суреті. (мұғалім, оқушы):
Пошталық мекен-жайы (индекспен бірге)
Байланыс телефоны
E-mail

19. Көрсетілген мерзімнен кейін келіп түскен жұмыстар қабылданбайды.

20. Байқау қорытындысы бойынша баяндамалар, эсселер, арнаулар, мақалалар жинақ болып шығарылады.